

Айыртау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2010 жылға әлеуметтік қолдау шараларын айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 6 сәуірдегі N 4-23-9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 7 мамырда N 13-3-117 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2011 жылғы 10 маусымдағы N 4-35-2 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2011.06.10 N 4-35-2 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысымен бекітілген ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну Ережесінің 2-тармағына сәйкес, Айыртау ауданы әкімінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 02.01-01-207 ұсынысын қарастырып Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айыртау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2010 жылға жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомасында көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға алты жүз отыз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары айқындалсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың XXIII

кезекті сессиясының төрайымы

Н. Кислина

КЕЛІСІЛДІ

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Қ. Хамзин

«Айыртау ауданының экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Г. Әбілқайырова
2010 жылғы 6 сәуір

«Айыртау ауданының ауыл шаруашылық
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
бастығы Қ. Сейтмағамбет
2010 жылғы 6 сәуір

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК